

Жарма ауданының Қалбатау ауылдық округінің Жаңа-өзен ауылында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Қалбатау ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі N 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 сәуірде N 2935 болып тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы Қалбатау ауылдық округі әкімі міндетін атқарушының 2014 жылғы 28 шілдедегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы Қалбатау ауылдық округі әкімі міндетін атқарушының 28.07.2014 N 3 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Жарма аудандық аумақтық инспекция бастығының 2013 жылдың 28 наурыздағы № 193 ұсынысы негізінде Қалбатау ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Жарма ауданының Қалбатау ауылдық округінің Жаңа-өзен ауылында ірі кара малдар арасында сарып ауруының шығуына байланысты, шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық қадағалау және бақылау комитеті Жарма аудандық аумақтық инспекцияның басшысы (Ж. Саржақов), Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаментінің Жарма ауданы бойынша басқармасының басшысы (Г. Кулжанбекова) тиісті іс-шараларды **ұ й ы м д а с т ы р у** **ұ с ы н ы л с ы н .**

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Қалбатау ауылдық округінің бас маманы **О. Тоймухамбетовке** жүктелсін.

4. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

*«Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы Министрлігінің
ветеринариялық қадағалау және бақылау
комитеті Жарма аудандық
аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің*

басшысы

Ж. Саржақов

2013 жылғы 22 сәуір

*«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Министрлігінің мемлекеттік санитарлық
эпидемиологиялық қадағалау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің
Жарма ауданы бойынша басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің*

басшысы

Г. Кулжанбекова

2013 жылғы 22 сәуір